

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 қыркүйектегі N 907 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 22 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы

ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ <*>

(2005 жылғы 6 қазанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2006 ж., N 2, 18-құжат, СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына адалдықты р а с т а й о т ы р ы п ,

екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынастарды ескере отырып және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты бұдан әрі кеңейту мақсатында ,

экологиялық бүлінушілік, апаттардың және қоршаған ортаның тозуының алдын алу, сондай-ақ шектес аумақтарда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ алдында өз жауапкершілігін түсіне отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар теңдік пен өзара тиімділік негізінде тұрақты дамудың қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар құзыретті органдарды т а ғ а й ы н д а й д ы :

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау м и н и с т р л і г і ;

Ресей тарапынан - Ресей Федерациясының Табиғи ресурстар министрлігі.

Құзыретті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар бойынша бір-біріне уақтылы ақпарат береді.

3-бап

Тараптар ынтымақтастықтың түрлерін Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және экологиялық бағдарламаларына сәйкес бірлесіп айқындайды.

4-бап

Тараптардың ынтымақтастығы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы :

атмосфералық ауаны ластанудан қорғау;
су объектілерін зерттеу, ұтымды пайдалану, сақтау және ластанудан қорғау;
қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғау;
биологиялық әртүрлілікті сақтау, сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктердің түрлерін, олардың мекен ету ортасын зерделеу және құтқару жөніндегі жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
топырақты қорғау және жер ресурстарын ұтымды пайдалану;
ормандарды қорғау, сақтау әрі қалпына келтіру және орман ресурстарын ұтымды п а й д а л а н у ;

шекаралас аумақтарда оны ұйымдастыруды қоса алғанда, қоршаған ортаның м о н и т о р и н г і ;

қоршаған ортаның ластануының климатқа әсер етуі;
қалалар мен басқа да елді мекендерде қоршаған ортаны жақсарту;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтық реттеу және басқару;
табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қорғау мақсатында табиғат пайдалануды реттеудің экономикалық тетіктерін әзірлеу;
экологиялық тәрбие және білім беру;

экологиялық сараптаманы, экологиялық болжауды және жобалауды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау проблемаларын шешудегі әдістемелік аспектілер;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтерді және нормативтік-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу;
өндіріс пен тұтынудың қауіпті қалдықтарын шекаралас аумақтарда трансшекаралық жылжытуды және орналастыруды реттеу;
табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
өзара мүддені білдіретін және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік шекарасының екі жағында орналасқан бірегей және типтік экожүйені сақтауды қамтамасыз ету үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жүйесін құру және дамыту;
теріс экологиялық салдарлары бар төтенше жағдайлардың мониторингі мен оларды болжауды ұйымдастыру және жүргізу;
теріс экологиялық салдарлары бар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ден қою;
табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде өзара іс-қимыл жасау және қоршаған ортаға зиянды әсерлердің алдын алу тәртібін әзірлеу;
табиғат қорғау заңнамасын жетілдіру;
қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша бірлескен қызметті жүзеге асыру;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат алмасу.

5-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру бойынша қызметті үйлестіру үшін Қоршаған орта мәселелері жөніндегі аралас қазақстан-ресей комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құрады. Комиссия осы Келісімнің 4-бабында көрсетілген бағыттар бойынша белгілі бір мерзімге есептелген Тараптар арасындағы ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді әрі олардың орындалуы бойынша қажетті ұсынымдар береді.

Комиссия өз отырыстарын қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында кезегімен, бірақ жылына бір реттен кем емес өткізеді.

6-бап

Комиссия отырыстарына қатысу үшін Тараптардың өкілдерін іссапарға жіберу кезінде барлық шығыстарды жіберуші Тарап өтейді.

Комиссия отырыстарын ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығыстарды қабылдаушы Тарап өтейді.

Келісім шеңберінде өткізілетін басқа іс-шаралар Тараптар арасындағы өзара уағдаластық негізінде қаржыландырылады.

7-бап

Ынтымақтастық мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырылады:
қоршаған ортаны қорғау және сапасын жақсарту жөніндегі нормативтік-әдістемелік құжаттамаларды бірлесіп әзірлеу;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-техникалық құжаттамамен және ақпараттармен алмасу;

зерттеу және оқу мақсатында, консультациялар, тағлымдама өткізу және тәжірибе алмасу үшін ғалымдармен және мамандармен алмасу;

бірлескен зерттеу және экспериментальдық жұмыстар жүргізу, зерттеулердің және тәжірибелердің нәтижелерімен, сарапшылық қорытындылармен алмасу;

симпозиумдарды, конференцияларды, көрмелерді, оқу курстарын ұйымдастыру және өткізу;

бірлескен бағдарламаларды және жобаларды жүзеге асыру;
ғарыштық инспекциялауды қоса алғанда, шекаралас аудандарда қоршаған ортаны бірлесіп инспекциялау;

қоршаған ортаның жай-күйі туралы жыл сайынғы баяндамалармен алмасу.

8-бап

Ынтымақтастық нәтижелерін құқықтық қорғау және пайдалану мәселелері Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес және Тараптардың уағдаластығы негізінде шешіледі.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдану кезінде алынған ынтымақтастық нәтижелері үшінші мемлекеттерге, олардың заңды немесе жеке тұлғаларына екі Тараптың тек жазбаша келісуімен ғана берілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешетін болады.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы өзінің осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті бес жылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай қалғанда басқа Тарапқа жазбаша нысанда хабарламаса, келесі бес жылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылады.

2004 жылғы 22 желтоқсанда Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және екі мәтіннің де бірдей заңдық күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін